

1 ДӘРІС

Неврологияға кіріспе. Пән және клиникалық неврология тарихы. Неврологиядағы дәлелдену медицинасы. Неврологияда дәрігерлік көмекті ұйымдастыру

- ▶ **Неврология** – нерв жүйесі туралы ғылым. Ол нерв жүйесінің зақымдануының сезімталдық, қозғалыс, сөйлеу және т.б. белгілерін үйретеді, диагностикалық тексеру тәсілдерін дамытады, емдеу және алдын алу шараларын үйретеді.

- ▶ Невропатологияның негізін білу орта медициналық қызметкерлерге тек қана емдік және алдын алу шараларын дұрыс орындау үшін емес, басқа аурулардың неврологиялық асқынуларын білу үшін қажет.
- ▶ Сонымен қатар мейірбике науқастарды күтуді ұйымдастыруды, мейірбике үрдісінің кезеңдерінің құжаттарын толтыруды, қажет болған жағдайда дәрігерлік көмекке дейінгі көмек көрсетуі тиіс.

- ▶ Қазіргі кезеңде мейірбикелерге қойылатын талап бойынша мейірбикелер ғылыми білімді, психологияның негізін коммуникативтік дағдыларды, науқастармен қарым-қатынасты жоғары дәрежеде көрсете білуі қажет

- ▶ Нерв жүйесінің аурулары туралы мағлұматтар өте ертеде анықталған, олар египеттің папурустарында, ертедегі индиялық Аюр-Ведтік жазылымдарда кездеседі.
- ▶ Сол кездің өзінде паралич, ұстамалар, қысқа аралық естен танулар туралы мәліметтер бар. Гиппократтың, Авиценнаның және Рази жазылымдарында неврологиялық аурулар туралы мәліметтер бар (эпилепсия, менингит, сақина ауруы).
- ▶ Ежелгі Рим дәрігері Гален (II ғасырда) жануарлардағы мидың анатомиялық құрылымдары туралы, кезбе нерв туралы, ми нервтері және олардың қозғалыстағы атқаратын міндеті туралы түсініктер берді.

- ▶ Бец, Броун-Секар, Даркшевич және т.б. ғалымдар ми мен жұлынның әр түрлі бөліктерінің құрылымдары туралы түсініктер берді.
- ▶ 1865 жылы Париж «Сальпетриер» ауруханасында Жан Шарко жұмыс жасай бастады. Ол 10 жыл бойы шашыраңқы склероз, бүйірлік амиотрофиялық склероз, сирингомиелия, истерия және т. б. аурулар туралы ғылыми еңбектер жазды.

- ▶ Россиядағы неврологияның дамуы ерекше жолмен басталды. XVIII ғасырда
- ▶ I Петрдің нұсқауы бойынша алғашқы әскери госпиталь құрылды.
- ▶ 1869 жылы Москва университетінде бірінші Россиялық нерв аурулары және жындылар аурулары клиникасы ашылды, оны дәрігер, ғалым, оқытушы А.Я. Кожевников басқарды.
- ▶ Ол көптеген неврологиялық аурулардың суреттемесін берді, сонымен қатар қояншық ауруы туралы мәліметтер жинады (кожевников эпилепсиясы).
- ▶ Кожевников көптеген талантты жас орыс ғалымдарын тәрбиелеп шығарды, невропатологтар мен психиатрлардың алғашқы қоғамын ұйымдастырды және невропатологтардың негізін қалаушы болып табылады

- ▶ И.М. Сеченов және И.П. Павловтың невропатологияның дамуында қосқан үлесі зор. Олар рефлекс туралы негізгі түсінікті берді, ми қызметінің қозу және тежеу арқылы жұмыс жасайтынын анықтады.
- ▶ Нерв жүйесінің анатомиялық және физиологиялық негізін орыс ғалымы— В. М. Бехтерев қалады. Ми қыртысындағы қызмет орталықтарын анықтауда үлкен үлес қосты

- ▶ Дарынды орыс ғалымдарымыздың жұмыстары И.П. Павлов, С.С. Корсаков, Г. И. Россолимо, В.М. Бехтерев, М.Е. Введенский және т.б. неврологияны алдыңғы ғылымдар қатарына қосты. Олардың ісін көрнекті совет ғалымдары В. А. Гиляровский, В.П. Протопопов, В.П. Осипов, О.В. Кербиков, В.Н. Мясищев, А. В. Снежневский, С.Н. Давиденков, П.К. Анохин, Н.К. Боголенов, Н.Н. Бурденко ары қарай жалғастырды.

- ▶ Бұдан кейінгі жылдарда да ғылыми орталықтарда невропатологияның негізгі бағыттарында зерттеу жұмыстары жалғасып жатты.
 - Мидың қан айналысының бұзылуларын (Н.В. Верещагин, Е.И. Гусев);
 - шеткі нерв жүйесінің патологиясын (И.П. Антонов);
 - балалар невропатологиясын (Л.О. Бадалян);
 - эпилепсияны (В.А. Карлов);
 - вегетопатологияны (А.М. Вейн, И.И. Шогам).
 - Ростов қаласында РГМУ (В.А. Балязин) нейроонкология проблемаларын зерттеуде.

- ▶ Мейірбикелердің неврология бөліміндегі қызметі өте күрделі және маңызды, оның күрделілігі көбіне науқастардың ауырлығында және мүгедектігінде.
- ▶ Мейірбике емдеуші дәрігерлердің тағайындаған емін уақытында және сапалы орындауы қажет, науқастардың күн тәртібін орындауын және тазалығын қадағалауы керек.
- ▶ Алғашқы медициналық жәрдемді көрсетуі тиіс, керек жағдайда дәрігерді шақыруы қажет.
- ▶ Алғашқы реабилитациялық шараларды және асқынулардың алдын алу шараларын жүргізуі тиіс.

- ▶ Мейірбике үрдісінің **бірінші сатысы**- медициналық тексеру, науқастың аты-жөнін, шағымдарын, әлеуметтік жағдайын және психикалық жағдайын анықтаудан тұрады.
- ▶ **Екінші сатысында** науқастың денсаулығын анықтау, науқастың проблемаларын анықтау.
- ▶ Мейірбикелік диагноз қою үшін науқастың физикалық, эмоциональналды-психологиялық, әлеуметтік және көңіл күйін анықтау қажет.
- ▶ **Үшінші сатысында** мейірбике мақсатты анықтап көмек көрсету сатысын жоспарлайды.
- ▶ Жақын арадағы және алыс мақсаттарды анықтап- мейірбикелік шаралардың кезеңдері анықталынады. Науқасты күтуге арналған шаралар мейірбикелік ауру тарихына немесе карталарға жазылады.

- ▶ **Төртінші сатысында** жоспарланған шараларды іске асырады.
- ▶ Олар мейірбикелік қалыптастырылған күту шараларына сәйкес келуі қажет және алғашқы жоспардағы шаралар әрбір бөлім бойынша жазылып отырылады.
- ▶ **Бесінші сатысы** — мейірбикелік күту шараларының сапасы бағаланады.

► Күту шараларын бағалау мына бөліктерден тұрады:

- 1. Қол жеткен шаралар жоспарланған шаралармен салыстырылады;
- 2. Жоспарланған шаралардың сапасы бағаланады;
- 3. Егер жоспарланған шаралар орындалмаса, одан арғы бағытты анықтап, жоспарлау;
- 4. Барлық шаралардың бөліктері сынамалы анализден өткізіліп, қажет түзетулер енгізіледі.